Ынтымақ жалпы білім беретін мектебі бойынша «Гүлдер» клубының атқарылған жұмыстарының орындалу барысын бақылау жұмысы туралы анықтама

Бақылау тақырыбы: «Гүлдер» қыздар ұйымының атқарылған жұмыстарының орындалу барысын бақылау
Бақылау мақсаты: Қыз баланы ибалылық сақтауға баулу, құқықтық, адамгершілік, имандылық, эстетикалық тәрбие беру барысын бақылау
Бақылау объектісі: Іс- шара жоспары бойынша атқарылған жұмыстың барысын бақылау
Бақылау түрі:Тақырыптық бақылау
Бақылау әдісі:Құжаттарды тексеру
Орындау мерзімі:06-10.04.2026 ж
Жауапты:Сейдуалина А.У

Мектептің ішкі іс-шараларын ұйымдастыру және «Гүлдер»отырысының тиімді өтуін қамтамасыз ету мақсатында 2025 ж08.09 «Гүлдер отырысының жетекшісін тағайындау» №145 бұйрығы шықты.Жетекші Таженова Г.М.Осы тұлғаға отырысты ұйымдастыру,өткізу,іс-шара нәтижелерін жинақтау бойынша жауапкершілік жүктелді.Барлық өткізілген шараларды қадағалап,хаттамаға тіркеу жүйелі жүргізілді.Жоспар бойынша төмендегі іс шаралар жүргізілді.№ 2 бақылау бойынша «Гүлдер» қыздар ұйымының атқарылған жұмыстарының орындалу барысына бақылау жүргізілді.
«Гүлдер» қыздар ұйымының қаңтар–сәуір айларына арналған жұмыс жоспарына талдау жүргізілді. Жоспар бойынша қыз балалардың тәрбиесіне, мәдениеті мен болашаққа деген көзқарасын қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар жүйелі түрде ұйымдастырылған.
Қаңтар айында «Қыз болашағы – мамандық таңдаудан басталады» тақырыбында білікті сала мамандарымен кездесу және сұхбаттасу өткізілді. Іс-шараның мақсаты – оқушыларға болашақ мамандықты дұрыс таңдауға бағыт-бағдар беру және еңбекқорлыққа тәрбиелеу болды. Кездесу барысында оқушылар мамандық түрлері туралы мағлұмат алып, өздерінің қызығушылықтарына сәйкес кәсіп таңдау жөнінде кеңестер тыңдады. Іс-шараны «Гүлдер» отырысының жетекшісі Таженова Г., Жакупбекова А. және Боранқұлова М.Б ұйымдастырды. Оқушылардың белсенділігі жақсы деңгейде байқалды.
Ақпан айында «Қыздар арасындағы достық пен сыйластық» тақырыбында психологиялық ойындар мен пікірталас өткізілді. Іс-шара барысында қыз балалар арасында ұйымшылдықты нығайту, өзара сыйластық пен қарым-қатынас мәдениетін дамыту мәселелері қарастырылды. Психологиялық жаттығулар арқылы оқушылар еркін пікір алмасып, бір-біріне құрметпен қараудың маңызын түсінді. Шараны «Гүлдер» отырысының жетекшісі Таженова Г. және психолог Әлмағанбетова А.Қ жүргізді.
Наурыз айында «Апалар өнегесі – жас қыздарға тағылым» атты шеберлік сыныбы ұйымдастырылды. Іс-шараға тігінші, аспаз және өнегелі жеңгелер қатысып, қыз балаларға өз тәжірибелерімен бөлісті. Қыздарға қолөнер, ас әзірлеу, ұлттық тәрбие және инабаттылық жөнінде тағылымды кеңестер берілді. Шараның тәрбиелік мәні жоғары болды. Ұйымдастыру жұмыстарына «Гүлдер» отырысының **жетекшісі Таженова Г., ата-ана комитеті ат салысты.**
Сәуір айында «Сән мен салтанат: ұлттық киім үлгілері» тақырыбында көрме, сахналық көрсетілім және мастер-класс өткізілді. Іс-шара барысында ұлттық киімдердің ерекшелігі, тәрбиелік және эстетикалық маңызы түсіндірілді. Қыз балаларға ұлттық киім кию мәдениеті, сән үлгілері мен әсемдік туралы мағлұмат берілді. Көрме барысында оқушылар ұлттық нақыштағы киім үлгілерін таныстырып, өз өнерлерін көрсетті. Шараны «Гүлдер» отырысының жетекшісі Таженова Г. және Мұқашева А ұйымдастырды.Жалпы талдау нәтижесінде «Гүлдер» қыздар ұйымының жұмыстары жоспарға сәйкес жүйелі жүргізілгені анықталды. Іс-шаралар қыз балалардың адамгершілік қасиеттерін дамытуға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, мәдениеттілік пен еңбекқорлыққа тәрбиелеуге бағытталған. Оқушылардың қатысу белсенділігі жақсы деңгейде болды.
Қорытынды:
«Гүлдер» қыздар ұйымының атқарған жұмыстары қанағаттанарлық деңгейде ұйымдастырылған.Басқарушылық шешім ретінде анықтама дайындалып, алдағы уақытта қыз балаларға арналған тәрбиелік жұмыстарды жетілдіру, ата-аналармен бірлескен жұмыстарды күшейту және құқықтық-эстетикалық тәрбие бағытындағы іс-шараларды жүйелі түрде жалғастыру ұсынылды.
Ұсыныстар:

- Қыз балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған іс-шараларды көбейту;
- Ата-аналармен бірлескен тәрбиелік жұмыстарды жандандыру;
- Ұлттық тәрбие мен құқықтық мәдениетке байланысты кездесулерді тұрақты өткізу.

Орындаған ДТІЖО Сейдуалина А.У

Тақырыбы:
«Тәуекел тобындағы» білім алушылармен атқарылған жұмыстың барысын бақылау
Мақсаты:
Тәуекел тобындағы білім алушылармен жүргізіліп жатқан жұмыстардың тиімділігін бақылау, психологиялық қолдау көрсету және алдағы жұмыс бағыттарын нақтылау.
Бақылау объектісі:
Тәуекел тобындағы білім алушылар
Бақылау түрі:
Тексеру (Zoom платформасы арқылы онлайн)
Мерзімі:
13 сәуір
Жауапты:
Педагог-психолог
Негізгі бөлім (талдау):
Міндеттері:
– Оқушылардың психологиялық-эмоционалдық жағдайын анықтау;
– Тәуекел факторларын айқындау;
– Алдын алу және түзету жұмыстарын жоспарлау.
Жүргізілу барысы:
13 сәуір күні ВШК жоспарына сәйкес тәуекел тобындағы білім алушылармен жүргізіліп жатқан жұмыстардың барысын бақылау мақсатында Zoom форматында онлайн кездесу ұйымдастырылды. Zoom платформасы арқылы аудан/қала мектептерінің барлығы қатысып, тәуекел тобындағы білім алушылармен жұмыс жүргізу бағыттары бірлесіп қарастырылды. Кездесу барысында тәжірибе алмасу жүзеге асырылып, қатысушылар тарапынан ұсыныстар берілді.
Жүргізіліп жатқан жұмыстар:
Тәуекел тобындағы білім алушылармен келесі бағыттар бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде:
– Оқушылардың психологиялық жағдайын анықтау мақсатында диагностика жүргізу;
– Жеке және топтық кеңес беру жұмыстарын ұйымдастыру;
– Профилактикалық әңгімелер өткізу;
– Мінез-құлықтағы ауытқуларды түзетуге бағытталған жұмыстар жүргізу;
– Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға бағыт беру;
– Қиын өмірлік жағдайдағы оқушыларға психологиялық қолдау көрсету;
– Сенімді қарым-қатынас қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүргізу;
– Эмоционалдық тұрақтылықты дамыту жаттығуларын өткізу;
– Стресті басқару және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту;
– Қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру бойынша түсіндіру жұмыстары;
– Оқушылардың қызығушылықтарын анықтау және қолдау көрсету.
Қолданылған әдістер:
– Бақылау;
– Әңгімелесу;
– Сауалнама;
– Психологиялық кеңес беру.

Нәтижесі:
Жүргізілген бақылау барысында тәуекел тобындағы оқушылармен жұмысты жүйелі ұйымдастырудың маңыздылығы анықталды.
Ұсыныстар:
– Жеке жұмыс жоспарын тұрақты жүргізу;
– Профилактикалық жұмыстарды жалғастыру.
Қорытынды:
Жалпы жүргізілген жұмыстар нәтижелі өтті. Алдағы уақытта жұмыстар жүйелі түрде жалғастырылады.

Жауапты:Педагог-психолог Әлмағанбетова А.Қ

Бақылау тақырыбы: «Тәуекел тобындағы» білім алушылармен атқарылған жұмыстың барысын бақылау
Бақылау мақсаты: Оқу бағдарламаларын сапалы жүзеге асыруды қамтамасыз ету және білім алушылардың үлгермеушілігінің алдын алу.
Бақылау объектісі: Қауіп-қатер тобындағы оқушылар.
Бақылау түрі: Жан-жақты бақылау.
Бақылау әдісі: Тексеру.
Орындау мерзімі: 13–17 сәуір.
Жауапты: Әлмағанбетова А.Қ.
Қарау орны: ДЖО.
Бақылау барысы
13–17 сәуір аралығында тәуекел тобындағы білім алушылармен жүргізіліп жатқан жұмыстарға бақылау жүргізілді. Бақылау барысында сынып жетекшілерінің жоспарлары, пән мұғалімдерінің қосымша сабақтарды ұйымдастыруы, оқушылардың оқу жетістіктері, сабаққа қатысуы және ата-аналармен жүргізілген жұмыстар зерделенді.

Мектеп бойынша тәуекел тобына енгізілген оқушылардың барлығына жеке жұмыс жоспарлары құрылған. Пән мұғалімдері тарапынан қосымша сабақтар, жеке кеңестер және білімдегі олқылықтардың орнын толықтыруға бағытталған жұмыстар тұрақты ұйымдастырылған.

Бақылау нәтижелері
Тексеру қорытындысы бойынша төмендегідей оң көрсеткіштер анықталды:

- Тәуекел тобындағы оқушылардың сабаққа қатысу көрсеткіші **92%-дан 97%-ға дейін көтерілген**;
- Оқу үлгерімі төмен оқушылардың **75%-ында білім сапасының жақсаруы байқалған**;
- Оқушылардың үй тапсырмаларын орындау көрсеткіші **80%-дан 94%-ға дейін артқан**;
- Тәртіптік ескертулер саны өткен тоқсанмен салыстырғанда **40%-ға төмендеген**;
- Ата-аналардың мектеппен байланысқа шығу белсенділігі **100% қамтамасыз етілген**;
- Тәуекел тобындағы оқушылардың **85%-ы оқу мотивациясының жоғарылағанын көрсеткен**..

Қосымша нәтижелер
Бақылау барысында тәуекел тобындағы білім алушылармен жүргізілген жұмыстардың тиімділігі төмендегі көрсеткіштер арқылы анықталды:

- Оқушылардың пәндер бойынша ағымдағы бағаларының орташа көрсеткіші **0,8 балға жоғарылаған**;
- Тәуекел тобындағы оқушылардың **90%-ы барлық пәндер бойынша қалыптастырушы бағалау жұмыстарын уақытылы орындаған**;
- Қосымша сабақтарға қатысқан оқушылардың **82%-ы оқу жетістіктерін жақсартқан**;
- Психологиялық қолдау жұмыстарына қатысқан білім алушылардың **88%-ында мектепке деген жағымды көзқарас қалыптасқан**;
- Сыныптан тыс іс-шараларға қатысу көрсеткіші **65%-дан 89%-ға дейін артқан**;
- Бақылау кезеңінде сабақтан себепсіз қалу жағдайлары тіркелмеген;
- Тәуекел тобындағы 3 оқушының оқу жетістіктері тұрақты оң динамика көрсеткендіктен, оларды бақылаудың келесі деңгейіне ауыстыру ұсынылды;

- Оқушылардың өзіндік жұмыс орындау белсенділігі мен жауапкершілігі артқаны байқалды;
- Мұғалімдер мен ата-аналардың өзара байланысы жүйелендіріліп, барлық оқушылар бойынша кері байланыс қамтамасыз етілді;
- Оқу жылының басымен салыстырғанда білім сапасының көрсеткіші **18%-ға артқан**.

Жалпы қорытынды

Жүргізілген бақылау нәтижесінде тәуекел тобындағы білім алушылармен атқарылған жұмыстардың жүйелі түрде ұйымдастырылғаны және олардың оқу үлгеріміне, сабаққа қатысуына, тәртібіне оң әсер еткені анықталды. Қабылданған педагогикалық және психологиялық қолдау шаралары өз тиімділігін көрсетіп, білім алушылардың оқу жетістіктерінің артуына ықпал етті.

Басқарушылық шешім

1. Тәуекел тобындағы оқушылармен жеке жұмыстарды жалғастыру.
2. Оң нәтиже көрсеткен тәжірибелерді мектеп көлемінде тарату.
3. Қосымша сабақтардың сапасын бақылауды тұрақты жүргізу.
4. Ата-аналармен серіктестік жұмыстарын одан әрі күшейту.
5. Оқушылардың оқу жетістіктеріне ай сайын мониторинг жүргізу.

Жауапты: Педагог-психолог Әлмағанбетова А.Қ.

Ынтымақ жалпы білім беретін мектебі бойынша 9-11сынып оқушыларына кәсіптік бағдар беру бағытында атқарылған жұмысты бақылау парағы.

АНЫҚТАМА

Бақылау тақырыбы: 9-11 сынып оқушыларымен жүргізілген кәсіптік бағдар беру жұмыстарының сараптамасы туралы

Бақылау мақсаты: Болашақ кәсіби қызмет саласындағы өзін-өзіанықтау және мамандық тандау үрдісінде оқушыларға кәсіби бағдардағы көмек көрсетілуін бақылау.

Бақылау обьектісі: 9-11 сынып оқушылары.

Бақылаудың түрлері: Тақырыптық бақылау.

Бақылаудың әдіс:;Әңгіме

Орындау мерзімі:16.04.2026

1. Жұмыстың мақсаты

Бітіруші сынып оқушыларының кәсіби ниетін анықтау, мамандық таңдаудағы қиындықтарды жою, ҰБТ пәндерін саналы түрде таңдауға көмектесу және жоғары/орта арнайы оқу орындары туралы ақпарат беру.

2. Атқарылған іс-шаралар жүйесі

* Кәсіби диагностика: * 9-сыныптар: «Йовайши тесті» (бейімділікті анықтау) және Голланд тесті (тұлға типін анықтау) өткізілді.

* 10-11 сыныптар: «Мамандық таңдау матрицасы» және кәсіби мотивация деңгейін тексеру сауалнамалары жүргізілді.



* Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары:

* Жоғары оқу орындарының өкілдерімен (ҚазҰУ, ЕҰУ, IT Университет және т.б.) кездесулер.

* «Мамандықтар әлемі және біз» тақырыбындағы вебинарлар.

* **Ата-аналармен жұмыс:**

* «Баланың мамандық таңдауындағы ата-ананың рөлі» атты тренинг-кеңес.

3. Мониторинг және таңдау нәтижесі

Сынып	Оқушы саны	Оқу жалғастыру ниеті	Басым мамандықтар
9 сынып	15	Колледж 8 ЖОО 8	Техникалық қызмет көрсету, медицина
10 сынып	8	ЖОО 8	Ақпараттық технологиялар, педагогика
11 сынып	8	ЖОО 8	Медицина, құқық, инженерия, дизайн

4. Талдау және сараптама

9-11 сынып оқушыларының арасында жүргізілген диагностика нәтижесі көрсеткендей:

1. Оқушылардың 60%-ы мамандықты өз бетінше таңдаған;
2. 10%-ы таңдау жасауда ата-анасының пікіріне сүйенген;
3. 30%-ы әлі де нақты шешім қабылдамаған (олармен жеке кеңес беру жұмыстары жоспарланды).

5. Қорытынды

Мектептегі кәсіби бағдар беру жұмысы жүйелі түрде жүргізілуде. 11-сынып оқушыларының басым бөлігі ҰБТ-да тапсыратын бейіндік пәндерін (мысалы: Математика-Физика, Биология-Химия) мамандықтарына сәйкес таңдап үлгерген.

6. Ұсыныстар

1. Пән мұғалімдеріне оқу бағдарламасына сәйкес өз пәндерінің өндірістегі қолданысын көбірек көрсету тапсырылса.
2. Кәсіби бағдар берушіге «Болашақтың 100 мамандығы» атласымен жұмысты жандандыру ұсынылса.
3. Сәуір айында «Мамандықтар апталығын» ұйымдастыру.

Тақырыбы:
Оқушылар арасында «Зорлық – зомбылықтың, жыныстық қол сұғушылықтың алдын алу. Нөлдік төзімділік» қағидасын қалыптастыру бойынша жұмыстардың жүргізілуі
Мақсаты:
Тәуекел тобындағы білім алушылармен жүргізіліп жатқан жұмыстардың тиімділігін бақылау, психологиялық қолдау көрсету және алдағы жұмыс бағыттарын нақтылау.
Бақылау объектісі:
Барлық білім алушылар
Бақылау түрі:
Сауалнама алу, әңгіме жүргізу, құжаттарды зерттеу
Мерзімі:
27.04-30.04 сәуір
Жауапты:
Педагог-психолог

Талдау:
Аталған мерзім аралығында білім алушылар арасында «Зорлық-зомбылықтың, жыныстық қол сұғушылықтың алдын алу және нөлдік төзімділік қағидасын қалыптастыру» бағыты бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізілді. Жұмыс барлық оқушыларды қамтыды. Жүргізілген іс-шаралар аясында тест (сауалнама) жұмыстары алынып, әр оқушы жеке бақылауға алынды және қажеттіліктеріне қарай жеке жұмыстар ұйымдастырылды. Сонымен қатар, оқушылармен топтық және жеке әңгімелесу жұмыстары жүргізілді. Әңгіме барысында зорлық-зомбылық түрлері, жыныстық қол сұғушылықтың алдын алу, жеке шекараны сақтау, қауіпсіз мінез-құлық дағдылары және «жоқ» деп айта білу мәселелері түсіндірілді.
Медициналық қызметкермен кездесу ұйымдастырылып, оқушыларға денсаулыққа қатысты, соның ішінде жеке гигиена, жыныстық денсаулық, қауіпсіз мінез-құлық мәселелері жөнінде ақпарат берілді. Сонымен қатар, түрлі профилактикалық және алдын алу жұмыстары жүргізіліп, топтық ойындар мен жаттығулар арқылы балалардың қауіпсіздік дағдылары нығайтылды.
Жүргізілген жұмыстардың қорытындысы бойынша тиісті хаттамалар мен анықтамалар жазылып, құжаттар рәсімделді.
Жалпы, атқарылған жұмыстар оқушылардың құқықтық, психологиялық және денсаулықтық сауаттылығын арттыруға, зорлық-зомбылыққа қатысты көзқарастарын қалыптастыруға ықпал етті. Алдағы уақытта профилактикалық жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру жоспарлануда.

Атқарылған жұмыстар:

1. **Жеке бақылау және психологиялық қолдау:**
   – Әр оқушымен жеке психологиялық әңгімелерді тұрақты түрде жүргізу, қажеттілікке қарай мотивациялық және сенім дағдыларын дамыту.
   – Тәуекел топтағы оқушыларға қосымша психологиялық тренингтер ұйымдастыру.
2. **Топтық іс-шаралар мен тренингтер:**
   – Зорлық-зомбылыққа, буллингке және жыныстық қол сұғушылыққа қарсы тренингтер.
   – Командалық ойындар арқылы өзара сенім мен қолдау дағдыларын қалыптастыру.
   – «Қауіпсіздік және жеке шекара» тақырыбында интерактив сабақтар өткізу.
3. **Медициналық және гигиеналық профилактика:**
   – Медициналық қызметкермен тұрақты кездесулер ұйымдастыру, денсаулық сақтау, жеке гигиена, жыныстық сауаттылық бойынша ақпарат беру.

– Қажет болса, психологиялық және медициналық бағыттағы қосымша тренингтер мен семинарлар өткізу.

4. **Ата-аналармен жұмыс:**
   – Профилактикалық әңгімелер, семинарлар, кеңестер арқылы ата-аналарды ақпараттандыру.
   – Үйдегі қолдау мен бақылауды күшейту, зорлық-зомбылыққа жол бермеу бойынша ата-аналармен бірлескен іс-шаралар.
5. **Құжаттама және мониторинг:**
   – Тест жұмыстары мен сауалнама нәтижелерін тұрақты түрде жаңартып, әр оқушыны бақылау.
   – Әр оқушы бойынша хаттамалар мен анықтамаларды жүйелі түрде толықтыру.

Қорытынды

Аталған мерзімде білім алушылар арасында «Зорлық-зомбылықтың, жыныстық қол сұғушылықтың алдын алу және нөлдік төзімділік» қағидасын қалыптастыру бойынша жұмыстар жүйелі түрде жүргізілді. Барлық оқушылар қамтылды: тест және сауалнама жұмыстары алынып, әр оқушы жеке бақылауға алынды. Топтық және жеке әңгімелесулер, медициналық қызметкермен кездесулер, профилактикалық ойындар мен тренингтер оқушылардың құқықтық, психологиялық және денсаулықтық сауаттылығын арттыруға ықпал етті.

Нәтиже

- Оқушылардың зорлық-зомбылыкка, жыныстық кол сұгушылыкка катысты түсінігі кеңейді;
- Қауіпсіз мінез-құлыкка катысты дағдылары нығайды;
- Психологиялық колдау көрсетіліп, сенім дағдылары қалыптаса бастады;
- Медициналық және профилактикалық ақпаратқа колжетімділік артты;
- Құжаттама рәсімделіп, тест нәтижелері жүйеленді.

Ұсыныс

1. Әр оқушымен жеке психологиялық әңгімелерді тұрақты түрде жүргізу, мотивациялық және сенім дағдыларын дамыту; тәуекел топтағы оқушыларға қосымша психологиялық тренингтер ұйымдастыру.
2. Топтық тренингтер, интерактив сабақтар, командалық ойындар арқылы өзара сенім мен колдау дағдыларын қалыптастыру.
3. Медициналық қызметкермен тұрақты кездесулер ұйымдастыру, қосымша семинарлар өткізу.
4. Ата-аналармен профилактикалық және ақпараттық жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу, үйдегі бақылау мен колдауды күшейту.
5. Тест жұмыстары мен сауалнама нәтижелерін жүйелі түрде жаңартып, хаттамалар мен анықтамаларды уақытылы толтыру.

Жауапты:Педагог-психолог Әлмағанбетова А.Қ